



Жалпы идея

Eurasian Congress on Administrative Law логотипі ресми стильде және кәсіби бірлік, құқықтық дәстүрлер сабақтастығы мен сот төрелігі қағидаттарына қызмет ету идеяларды белгілейді.

1. Әріптік белгі

Логотиптің мәтіндік белгісі жалпы ғылыми, кәсіптік және құқық қолдану практикасының төңірегінде бірлескен әкімшілік құқық саласындағы мамандар қауымдастығын білдіреді. Атаудың доға бойынша орналасуы әкімшілік құқықтың кәсіби қоғамдастығының бірлігі мен тұтастығы идеясын көрсетеді.

2. Орталық элемент - баған

Композицияның ортасындағы баған жария құқықтың маңызды салаларының бірі ретінде әкімшілік құқықтың тұрақтылығын, тірегін және негізділігін бейнелейді. Ағашқа ұқсайтын баған пішіні құқықтық жүйенің табиғи дамуын, оның құқықтық мәдениетте тамырлануын және дамуға, жаңару мен сабақтастыққа қабілетін білдіреді.

3. Өрілген ою-өрнек (арқан өрімі)

Орталық элементтің өрілген құрылымы заңгерлердің, ғылыми мектептер мен құқықтық дәстүрлердің берік байланысын көрсетеді. Арқан өрімі ұзақ мерзімді тарихи болашақта ортақ құндылықтармен, тәжірибемен және жауапкершілікпен байланысты кәсіби қауымдастықтың бірлігі мен ажырамастығы идеясын жеткізеді.



4. Лавр жапырақтары

Логотиптің бүйірлеріндегі жапырақтар антикалық, соның ішінде континенттік құқықтың бастауларының бірі болып табылатын ежелгі грек және рим дәстүріне сілтеме жасайды. Олар құрметті, қадір-қасиетті, даналық пен әділеттілікті білдіреді. Жапырақтардың симметриялы орналасуы әділеттілік таразысымен бейнелі түрде байланысты, тепе-теңдікті, объективтілікті және жария-құқықтық дауларды әділ шешуге деген ұмтылысты көрсетеді.

Жалпы композиция

Логотип элементтерінің жиынтығы Еуразиялық кеңістіктің әкімшілік-құқықтық қоғамдастығын шоғырландыру орнықты құқықтық дәстүрлер, ғылыми сабақтастық және заңдылық пен әділдіктің адал мұраттарына жету идеясын білдіреді.

